

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫК «А» тобындағы балалардың өмірін және тәрбиесін ұйымдастырудың циклограммасы

II апта (12-16 сәуір)

Бекітемін:

Оқу ісі жөніндегі орынбасары:  Аманшеева А.Ж

Тәрбиеші: Жумабекова М.Б

Өтпелі тақырып: «Біз еңбеккер баламыз»

Кін тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Шаттық шеңбері	Көктем, көктем, көктемде Құстар келіп жеткенде. Қуанып біз қаламыз, Әнмен қарсы аламыз.	Жыршы құстар көп келді, Гүлдер жапты бөктерді. Кел балалар әнменен, Қарсы алайық көктемді.	Келді көктем далаға, Келді сұлу шағала. Аспандағы ақ құстар, Айдын көлді арала.	Табиғат ол-анамыз, Табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз.	Күн мен сені сүйемін, Саған бас иемін. Жылу бер, бақыт бер, Мейіріммен шабыт бер
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қыметі.	1.Сауат ашу. Тақырыбы: Тәтті балдың әлегі. Ю дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Балаларды Ю дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Ю дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуға үйрету. Балалардың сөздік қорын молайту. Әліппе дәптермен жұмыс. Тәтті балдың әлегі. 1.Суретте не болып жатыр деп ойлайсың? Аюдың ашқарақтығы. Қай сөзден Ю дыбысын естідің? 2.Қарама қарсы сөзбен сипатта. Сүт сұйық, айран. 3.Апам құртты қайда жайды? Құртты: оюлы сырмаққа; шиге; дастарханға жайды. Ю қосарлы дауысты дыбыс. Ю=Й+У 4.Ю әрпімен таныс бол.  Шеңберді әкеп алаңға, Байлап қойдым бағанға. М.Жаманбалинов. 5.Ю әрпінің бейнесін моншақ және ермексаздан бейнелеп	1.Математиканегіздері Тақырыбы: Менің достарым. Заттар тобын салыстырамын. Мақсаты: Балаларға таңбаларды таныту (= > <) Әліппе дәптермен жұмыс. 1.Суретте қанша ұл бала бейнеленгенін сана және ата. Қыздар қанша? Кімдер артық? Жазуларды оқы.  5 > 4     4 < 5. Суретте қандай доптар артық? Суретке сәйкес дұрыс жазуды тап. Қоршап сыз. Балалардың барлығына доп жете ме? 2.Қаламмен бастырып сыз. = > < 3.Достарына гүлдерді санауға және салыстыруға көмектес. Белгілерді қой. = > < Сергіту сәті. 1 дегенде тұрайық, 2 3 4 алақанды соғайық. Оң жаққа бұрылып, Сол жаққа бұрылып, Бір отырып, бір тұрып Біз жүгіріп алайық. 5 дегенде асықпай,	1.Сауат ашу.  Тақырыбы: Балмұздақ. Э дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Балаларға Э дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Э дыбысы кездесетін сөздерге мысал келтіру. Балалардың сөздік қорын молайту.  Әліппе дәптермен жұмыс. Балмұздақ. 1.Өленді жатқа айт.  Таңдайыма тәтті ак! Өзі қардай аппақ, Мұз да, бал да өзінде, Бұл атақты балмұздақ.  Эскимо сөзіне дыбыстық талдау жаса.  Э жіңешке дауысты дыбыс.  2.Э әрпімен таныс бол. 3.Э әрпінің бейнесін ермексаздан жаса. 4.Қай әріптің пішіні Э	1.Қоршаған орта. Тақырыбы: Зергерлік бұйымдар. Мақсаты: Ұлттық қолданбалы өнер туралы алған түсінігі мен әсерлерін түрлі жолдармен жеткізу. Әліппе дәптермен жұмыс. 1.Мақалдың мағынасын түсіндір. Өнерлі елден өнерлі ұл қыз шығады. 2.Әшекей заттарды ажыратып, аттарын ата. Сақина. Сырға. Білезік. Жүзік. Алқа. Шашбау. 3.Ана қандай зергерлік бұйым сыйлар едің? Суретін сал. Сергіту сәті. Шаршағанда ырғалып, Гүлге ұқсап дем алам. Қанатымды бір қағып, Гүлдей болып жайқалам. 4.Қыздар Айсұлуға керекті заттарды қызыл, ұлдар Қуанышқа керекті заттарды көк түспен белгілейді. Олардың	1.Өзін өзі тану. Тақырыбы: Қамқорлық жасай білу. Мақсаты: Балаларды мейірімділікке тәрбиелеу. Қамқорлық туралы түсінік беру. Қамқор болып өсемін. Мейірімді жүрекпен, Бәлісемін бақытты. Ақ ниетпен шын тілеп, Ізгі істерді жақұтты! Тыңда: Әжей мен балалар. Біздің үйдің бесінші пәтерінде жалғыз басты сырқат әжей тұрады. Бірақ Тұрар апа ешқашан жалғыз болмайды. Әжейге күнде мектеп балалары келіп тұрады. Ұл балалар дүкеннен азық түлік сатып әкеледі. Қыздар дәмді тамақ жасап береді. олар әжейдің шағын бөлмесін жинастырып, мұнтаздай етіп қояды. Мереке күндері тіпті жайнатып жібереді. Балалар әжейдің қызық әңгімелерін ынтыға тыңдайды. -Балалар сырқат әжейге

	<p>және ермексаздан бейнелеп жаса.</p> <p><b>6.Ю</b> әрпін жазу. <b>Сергіту сәті.</b> Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп теріп алайық, Қалтамызға салайық.</p> <p><b>Тында.</b> <b>Ою.</b> Менің әжем сырмақ сырды. Сырмаққа ою ойып салды. Оюы әдемі болды.</p> <p><b>Ю</b> дыбысы кездесетін сөздерді табу.</p> <p><b>Бірге жаттаймыз.</b> Жақсы көрем. Шай ішетін қоюлап, Жақсы көрем атамды. Сырмақ сырған оюлап, Жақсы көрем апамды.</p> <p><b>Сөздерді оқу.</b> А-ю, о-ю, қо-ю, құ-ю, е-се-ю, а-за-ю.</p> <p>Бірге <b>айтамыз.</b> Ою ойдық өзіміз, Талып қалды қолымыз. Кішкене дем аламыз, Қайтадан ою оямыз.</p> <p><b>Қорытынды:</b> -Қандай әріппен таныстыңдар? <b>-Ю</b> қандай дыбыс? <b>-Ю</b> дыбысы ездесетін қандай сөздерді білесіңдер? Балаларды бағалау. Мадақтау.</p> <p><b>2.Музыка.</b> <b>Тақырыбы:</b> Тұсау кесу. <b>Мақсаты:</b> Музыкалық дыбыстың негізгі қасиеттерін ұзақтығына (ұзақ, қысқа), қаттылығына (қатты, ақырын) тембіріне қарап ажырату. <b>Ән тыңдау:</b> «Тэй тэй» <b>Ән айту:</b> «Тұсау кесу»</p>	<p>5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық.</p> <p><b>Қорытынды:</b> -Қандай белгілермен таныстыңдар? Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p><b>2.Сөйлеуді дамыту.</b> <b>Тақырыбы:</b> Жолда абайла. <b>Мақсаты:</b> Берілген тақырып аясында диалогке қатысу. Балалардың сөздік қорын молайту.</p> <p><b>Бағдаршам.</b> Ашса кезек үш көзін, Айтты деп ұқ үш сөзін: «Тоқта! Сақтан! Жол ашық!» Жүрме жолға таласып. Қызыл көзін ашқанда, Сынық сүйем баспа алға! Сары көзін ашқанда, Қарап қалма аспанға! Жасыл көзін ашқанда, Өте бергін жасқанба!</p> <p>-Тақпақ не туралы айтылған? -Бағдаршамның неше көзі бар? -Олардың түстері қандай? -Бағдаршамның қызыл көзі бізге не дейді? -Сары көзі не дейді? -Жасыл көзі не дейді?</p> <p><b>Жұмбақ жасыру.</b> Оңға да бұрады, Солға да бұрады. Тәртіп сақтап әрқашан, Жолды нұсқап тұрады. (бағдаршам).</p> <p><b>Әліппе дәптермен жұмыс.</b> <b>Жолда абайла</b> <b>1.Жол түрлерін есте сақта.</b></p>	<p><b>4. Қай әріптің пішіні Э әрпіне ұқсас? Ұқсас бөлігін бастырып сыз.</b> Э ң Г Ө Ғ Н О.</p> <p><b>5.Э</b> әрпін бастырып жаз. <b>Экскаватор, элеватор</b> сөздеріндегі Э дыбысының орнын табу. Сөздерді буынға бөлу. Дыбыстық талдау жасау. Сөйлем құрау. Элеваторда астық сақтайды. Экскаватормен жер қазады.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b> Аққу болып ұшамыз, Көлге келіп қонамыз. Көлдің бетін құшамыз, Қайта самғап ұшамыз.</p> <p><b>Қорытынды:</b> -Қандай әріппен таныстыңдар? -Э қандай дыбыс?</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p><b>2.Денешынықтыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> Байқоңыр. <b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау, оларды алмастыру, қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру. <b>Тында.</b> <b>Байқоңыр</b>-ғарыш айлағы. <b>Айлақ</b>-ғарышқа ұшуға арналған алаң. <b>Ғарыш</b>-аспан әлемі, космос. <b>Ғаламшар</b>-Күнді</p>	<p>белгілейді. Олардың қайсысы зергерлік бұйымдар? <b>Қорытынды.</b> -Қандай зергерлік бұйымдарды білесіңдер? -Сенің анаңда қандай зергерлік бұйымдар бар?</p> <p><b>2.Апликация.</b> <b>Тақырыбы:</b> Желкенді кеме. <b>Мақсаты:</b> Балаларға жыртылған қағаздан аппликация жасауды үйрету; ұқыпты болуға дағдыландыру; саусақ икемділіктері мен зейінін дамыту. <b>Жұмбақ жасыру.</b> Қос күрекпен еседі, Су көлігі деседі. (қайық). Өзен, көлде батпайды, Жүзгені жақсы болса да, Адамсыз түк істей алмайды. (кеме).</p> <p><b>Тында.</b> <b>Желкенді кеме</b>-жел энергиясымен қозғалатын кеме. Жел қысымы дінгектерге керілген желкенмен қабылданып, кеменің крпусына беріледі. Желкенді кемеге 1-ден 7-ге дейін дінгек орнатылып, оларға әртүрлі желкендер керіледі. Желкенді кеме алғаш рет бұдан 5-6 мың жыл бұрынМысырда пайда болып, кейін Қытайда, Шығыс Азияда, Оңтүстік Америкада</p>	<p>-Балалар сырқат әжейге қандай қамқорлық жасады?</p> <p><b>Қайырымдылық-жылы жүректен.</b> Халық даналығы.</p> <p>Адамның жақсы қасиеті өзгелерге қамқорлық жасай білуінен көрінеді. Қамқорлық жасауды үйрен! Шамаң келсе көмектес! <b>Бірге жаттаймыз.</b> Күн нұрындай көңілім, Даламдай кең пейілім. Жүрегім толы мейірім, Бәріне ортақ шуағым Қайырымды баламын. <b>Суретпен жұмыс.</b> Суретке қарап қамқорлық туралы әңгіме құрастырыңдар. .Әсем балапандарға жем шашты. .Асан аквариумдағы балықтарға жем шашты. .Ернар қошақандарға шөп берді.</p> <p><b>Қорытынды:</b> -Қамқорлық дегенді қалай түсінесіңдер? -Қамқорлық жасаған кездерің болды ма?</p> <p>Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p><b>2.Музыка.</b> <b>Тақырыбы:</b> Тұсау кесу. <b>Мақсаты:</b> Музыканың сезімдік мазмұнын сипаттай, ажырата, бейнелей білуге үйрету. Әнді табиғи дауыспен, нәзік орындауға төселдіру. Музыка ырғағына</p>
--	---	---	--	---	---

<p><b>Музыкалық ырғақты қозғалыс:</b> «Етек етек» ән ойын.</p> <p><b>3.Жаратылыстану.</b> <b>Тақырыбы:</b> Сен табиғатқа қандай пайдалы іс әрекет жасадың? <b>Мақсаты:</b> Табиғатқа зиян келтіруі ықтимал жағдайаттар мен іс әрекеттерді атау. Адамның табиғатпен байланысын және өзара әрекетін анықтау. <b>Шаттық шеңбер.</b> <b>Табиғат анамыз.</b> Табиғат ол анамыз, табиғатқа баламыз. Құшағында ойнаймыз, Шаттық әнге саламыз.</p> <p>Табиғат аясында өздеріңді қалай сезінесіңдер? <b>Тында.</b> <b>Табиғат</b> –бізді өоршаған дүние: аспан мен жер, тау мен су, жан жануарлар мен өсімдіктер әлемі. Адам қашанда табиғат әсемдігіне, сұлулығына, тамсанған, танданған, қуанып шабыт алған және қамқорлық жасаған. <b>Суретпен жұмыс.</b> Сурет бойынша табиғат сұлулығын сипаттаңдар. <b>Әліппе дәптермен жұмыс.</b> Сен табиғатқа қандай пайдалы іс әрекет жасадың? <b>1.</b>Балалардың іс әрекеттері туралы ойыңды білдір. Сәуле анасымен бірге жеміс ағашын отырғызды. Оған су кұйды.</p>	<p>Сен қандай жолдармен жүресің? Қандай жолмен саяхатқа шығуға болады? Суреттегі әрбір жолдың неге арналғанын айтып бер. Тасжол. Аспалы жол. Теміржол. Соқпақ жол. Жиекжол. Жерасты жолы. Саяжол. Метро.</p> <p><b>2.</b>Жол белгілері не үшін қажет? Бұл белгілер нені білдіреді? Суретке сәйкес жол белгісінің суретін сал. Жиекжол деген не? <b>Бірге жттаймыз.</b> <b>Бағдаршам.</b> Күндіз түні жанамын, Дабыл беріп бәріне. Үш түрлі түсім бар Белгілі жас пен кәріге Мен бағдаршам боламын. <b>Сергіту сәті.</b> <b>Ән:</b> «Жас жолаушылар жыры» Сапар шексек сіз бен біз, Сан көлікке мінеміз. Троллейбус пен трамваймен Автобуспен жүреміз. <b>Қайырмасы:</b> Көлік, көлік, көліктер, Көліктерге мінеміз. Көшелермен, көшемен, Күнде тынбай жүреміз.</p> <p>Жол жүрудің тәртібін, Ережесін білеміз. Сақтағанда қатерден, Сау саламат жүреміз. <b>Қорытынды:</b> Көліктермен жарысып жүруге болмайды. Көшеде жол ережесін естеріңнен шығармаңдар.</p>	<p>айналатын, Күннен жарық пен жылу алатын үлкен аспан денелері. <b>Күн</b>-әлемге жарық, жылу беріп тұратын жұлдыз. Оның жүйесінде <b>Жер. Марс. Меркурий</b> сияқты ғаламшарлар бар. 1991 жылы 2 қазанда тұңғыш қазақ ғарышкері Т.Әубәкіров ғарыш кемесімен Байқоңырдан ғарышқа көтерілді. <b>Бірге жаттаймыз.</b> <b>Байқоңыр.</b> Ғарышкерлер мекені, Қазақ жері Байқоңыр. Қай жер саған жетеді? Ғажап жерім Байқоңыр! <b>Жаттығу жасаймыз.</b> <b>1.</b>Шеңбер бойында жәй жүру; аяқтың ұшымен жүру; өкшемен жүру; табанның ішімен және сыртымен жүру; жартылай отырған қалыпта жүру. <b>2.</b>Қол белде. Оңға және солға иілу. <b>3.</b>Қолымыз иықта алға, артқа есу. <b>4.</b>Қол белде оң аяқ, сол аяқ және қос аяқпен 3 рет секіру. <b>5.</b>Саппен жүру. <b>Қорытынды.</b> -Ғарышкер болған ұнай ма? -Ғарышкер болу үшін қандай болу керек? Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p><b>3.Көркем әдебиет.</b> <b>Тақырыбы:</b> Сәруәр ертегісі.</p>	<p>дами бастады. Желкенді кеменің жылдамдығы 39 км сағатқа жетіп, 1000 тоннаға дейін жүк көтереді. Қазіргі кезде желкенді кеме спорттық, оқып үйрену т.б. мақсатында пайдаланылады. Егер сумен жүрсе, бұл су көлігі. <b>Су көлігі:</b> қайық, кеме, теплоход. <b>Балалардың жұмысы.</b> <b>«Желкенді кеме»</b> .Түрлі түсті қағаздан тіктөртбұрыштар қиып аламыз және толқынды, кемені, желкенді, күнді қиып аламыз. .Ақ бетке толқынның бөліктерін ашық және қанық көк түсті жолақтарды кезектестіре отырып ұқыпты жапсырамыз. .Кемеге желкені мен дінгегін жапсырамыз. .Күнді жапсырамыз. <b>Сергіту сәті.</b> Орнымыздан тұрамыз, Қанатымызды жаямыз. Ұшақ болып ұшамыз, Суда жүйіткіп жүземіз, Кемелерді түземіз. Жол тәртібін сақтап, Троллейбусқа мінеміз. <b>Қорытынды.</b> -Қандай көлік түрлерін білесіңдер? -Су көліктерін атаңдар. Балаларды бағалау. Мадақтау.</p> <p><b>3.Денешынықтыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> Атракцион.</p>	<p>би қимылын үйлесімді орындауға талпындыру. Қазақтың ұлттық салт дәстүр, рәсімдеріне деген қызығушылықтарын арттықу. <b>Ән тындау:</b> «Тәй-тәй» -Музыка қалай орындалды? -Музыканы тыңдау барысында қандай оқиғаны елестеттіңдер? -Музыка сендерге ұнады ма? <b>Ән айту:</b> «Тұсау кесу жыры» -«Тұсау кесу рәсімі» дегенді қалай түсінесіңдер? -Ол рәсім не үшін жасалады? -Рәсімді кім жасайды? -Тұсау кесу рәсімін жасау үшін не қажет? -Тұсау кесу рәсімін жасаған соң қандай ән орындалады? <b>Тұсау кесу әні.</b> Қаз-қаз балам, қаз балам, Қадам бассаң мәз болам. Күрмеуінді шешейік, Тұсауыңды кесейік. <b>Қорытынды.</b> -Қандай ән орындадыңдар? -Тұсау кесу рәсімі дегеніміз не? -Ән сендерге ұнады ма? Балаларды бағалау. Мадақтау.</p> <p><b>3.Денешынықтыру.</b> <b>Тақырыбы:</b> Ғарышқа саяхат. <b>Негізгі қимылдар:</b> Жүру мен жүгірудің негізгі түрлерін орындау. Оларды алмастыру және қарапайым дене жаттығуларымен алмастыру. <b>Біз жаттығу жасаймыз.</b> Көтереміз қолымызды,</p>
---	--	---	---	--

	<p>Арман осы уақытта аулада велосипед теуіп жүрді.  <b>2.</b> Сен қандай іс әрекет жасар едің? Суретін сал.  <b>3.</b> Табиғатқа қалай көмектесуге болады?  Берілген суретті боя. Суретте қандай іс әрекет көрсетілгенін әңгімеле.</p> <p><b>Берілген сөйлемдерді жалғастыр.</b>  .Жайнаған гүлдерді көргенде.....  .Сынған бұтақтарды көргенде.....  .Жарқыраған күнді көргенде.....</p> <p><b>Суретпен жұмыс.</b>  Суретке қарандар. Өзіне табиғаттың қандай көріністері ұнайды? Неліктен?  <b>Сергіту сәті.</b>  Сүйейік, табиғатты, аялайық!  Біз де онан жақсылықты аямайық!  Анадай табиғаттың аясында, Жадырап жас балаша дем алайық!</p> <p><b>Қорытынды:</b>  Күстардың даусына құлақ сал!  .Табиғаттың сұлулығын сезіне біл!  Табиғатты қорғай біл!  Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p><b>4. Ұлттық ойындар</b>  <b>Тақырыбы:</b>  «Біздің ойындар»  <b>Мақсаты:</b>  Балаларды ойнаған ойындар туралы сурет салуға үйрету. Көрме ұйымдастыру. Альбом жасау.</p> <p><b>Сергіту сәті.</b></p>	<p>Ата аналарыңды үнемі тындап жүрiндер!  Балаларды мадақтау.  Бағалау.</p> <p><b>3. Сурет.</b>  <b>Тақырыбы:</b> Шөл даламен керуен келедi.  <b>Мақсаты:</b> Шамасы әртүрлi бiртектес заттардың, бөлшектердiң суретiн салып олардың суретте симметриялы түрде орналастыру.  <b>Жұмбақ жасыру.</b>  Өзi iрi жануар,  Үстiнде екi тауы бар.  (түйе).</p> <p><b>Тыңда.</b>  <b>Шөл даланың кемесi.</b>  Бота айналасына маңғаздана қарап тұр. Ол не ойнамайды, не жүгiрмейдi.  -Сен неге бiзбен ойнамайсың?-деп сұрады Бұзау.  -Маған ойнауға болмайды. Мен шөл даланың кемесiмiн.  -Сен қайдағы кемесiң?-деп таң қалды Қозы.  -Сен жәй ғана түйесiң!  -Менiң жотамдағы екi өркешiмдi көрiп тұрмысың? Менiң ата-анамда осындай өркеш бар. Бұл-бiздiң азық қорымыз. Бiз уақыт су да iшпей, шөп те жемей жүре аламыз. Бiздiң арқамызға жүк артады. Оны бiз ыстық шөл арқылы алып жүреміз. Шөл далада су да, қорек де жоқ, ал бiзге бәрiбiр. Шөл далада құм төбелер, теңiз толқынына ұқсайды. Бiз сол құм толқыны арасында теңiздегi</p>	<p><b>Мақсаты:</b> Ертегiнi оқып бере отырып, балаларды батылдыққа, адалдыққа, мейiрiмдiлiкке тәрбиелеу.  Айға ұшқыларың келе ме?  -Айға ұшу үшiн қандай болуымыз керек?  -Айға немен ұшады?  <b>Әлiппе дәптермен жұмыс.</b>  С.Оспановтың «Сәруар» ертегiсiмен таныстыру.  -Сәруар қайда ұшпақ болды?  -Не үшiн Аюға барды?  -Аю келiстi ме?  -Қасқыр келiстi ме?  -Түлкi келiстi ме?  -Қоян неге қорықты?  -Айға ұшуға күшiк пен мысық неге келiстi?  -Сәруардың нағыз достарын ата.  <b>Жұмбақ шешейiк.</b>  Қалқиып ұзын құлағы,  Елендеп ылғи тұрады.  (қоян).  Өзi айлакер, өзi бiр қу,  Жүрген жерi айқай шу.  (түлкi).  Балпаң, балпаң басады,  Қыр жотадан асады.  Паналайды үңгiрдi,  Iздемейдi тасаны.  (аю).</p> <p><b>Балалардың жұмысы.</b>  <b>Сурет салу.</b>  Сәруардың Айға бiрге ұшқан достарының суретiн сал.  <b>Сергіту сәті.</b>  Достар бiрге жүреміз,  Бiрге ойнаймыз, күлемiз.  Бiрге балық аулаймыз,  Мiне, бiздер қандаймыз.  Әрқашанда тiлектес,</p>	<p><b>Негiзгi қимылдар:</b>  Организмнiң төзiмдiлiгi мен жаттыққандығын жетiлдiру үшiн түрлi жүктемелердi бiртiндеп үдетумен қатар дене жаттығуларын орындау.  <b>1 2 3</b> бiз жинаймыз күш,  Жалқаулықты тастаймыз,  Жаттығуды бастаймыз.  <b>1.</b> Аяқ бiрге, қолды алға созу, жоғары көтеру, жанға созу.  <b>2.</b> Қол белде оңға, солға иiлу.  <b>3.</b> Отырайық жүрелеп,  Гүлдердi бiз алайық.  Орнымыздан түргеп,  Басқа гүлге барайық.  <b>4.</b> Қолымыз иықта алға, артқа есу.  <b>5.</b> Қол белде оң аяқпен үш рет, сол аяқпен ш рет және қос аяқпен үш рет секiру.  <b>6.</b> Аяқтың ұшымен көтерiлу. Демдi жұтып шығару.  <b>7.</b> Сапшен жүрiп өту.  Балаларды бағалау. Мадақтау.</p> <p><b>4. Логика әлемi.</b>  <b>Тақырыбы:</b>  10 саны мен цифры.  <b>Мақсаты:</b>  10 санымен және цифрымен таныстыру.  <b>Сергіту сәті.</b>  1 дегенде тұрайық  2, 3, 4 алақанды соғайық.  Оң жаққа бұрылып,  Сол жаққа бұрылып,  Бiр отырып,  Бiр тұрып,</p>	<p>Созыламыз жоғары.  1 2 3  Денеңдi солға бұр.  Қолыңмен көмектесiп,  Белiңдi шынықтыр.  <b>1.</b> Шеңбер бойында жәй жүру.  Аяқтың ұшымен жүру және өкшемен жүру.  <b>2.</b> Дененi тiк ұстап алға адымдай жүру.  <b>3.</b> Аяқтың iшiмен және сыртымен жүру.  <b>4.</b> Бiр орнында тұру, демiдi сыртқа шығару.  Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p><b>4. Ойнаймыз, ойлаймыз</b>  <b>Тақырыбы:</b>  Есептер шығару  <b>Мақсаты:</b>  Арттыру, кемiту және ауызша, жазбаша есептеу дағдыларын қалыптастыру.  <b>Сергіту сәті.</b>  Бiз орманға барайық,  Жан жағмызға қарайық.  Аю келдi қорбандап,  Қасқыр келдi ырылдап. Ыр-ыр-ыр.  Түлкi шықты майысып,  Қоян шықты секiрiп,  Қорықпаңдар балалар,  Қарап-қарап алыңдар.  <b>Жұмбақ шешемiз.</b>  Үстi тола ине,  Бiрақ та iс тiгiп,  Қадамайды түйме.  (кiрпi).  Өзi қу,  Жүрген жерi шу.  (түлкi).  <b>Бiрге жаттаймыз.</b></p>
--	--	---	---	---	---

	<p>Орнымыздан тұрамыз, Қанатымызды жаямыз. Ұшақ болып ұшамыз, Суда жүйіткіп жүземіз, Кемелерді түземіз. Жол тәртібін сақтап, Троллейбусқа мінеміз. <b>Қорытынды.</b> -Су көліктерін атаңдар. -Қандай көлік түрлерін білесіңде? -Өзіңе ұнайтын көлік түрін ата. Балаларды бағалау. Мадақтау.</p>	<p>кеме сияқты көрінеміз. Сондықтан бізді «<b>шөл даланың кемесі</b>»-деп атайды. Біз адамға көмектесеміз. -Біз де адамға пайдалымыз,- деп, Лақ пен Қозы маңырай жөнелді. <b>Сурет салу:</b> «Шөл даламен керуен келеді» (балалар сурет салады). Жай қарындашпен шағыл құммен күнді бейнелеу. .Суретті аспаннан бастап, тек жылы түстерді қолдана отырып, ретімен бояу. .Шөл даланың көрінісін балалар өз қалауынша толықтыруына болады. <b>Сергіту сәті.</b> Айналайын торпақ, бола берме қорқақ, Айналайын қозым, малда жуас бозым. Айналайын ботам, қандай күлте жотаң, Жалт жұлт етіп лақ, Жағалайсың бұлақ. <b>Қорытынды:</b> -Үй жануарларының адамға қандай пайдасы бар? «Шөл даланың кемесі»- дегеніміз не? Балаларды бағалау. Мадақтау.</p> <p><b>4.Орыс тілі.</b> <b>Тақырыбы:</b> Как мы проводим выходной день? <b>Мақсаты:</b> Отвечать на элементарные вопросы жестами (например, указав на предмет или картинку), словами и короткими фразами. <b>Әліппе дәптермен жұмыс.</b> Кто рядом со мной?</p>	<p>Досыңа көмектес. -Сендердің достарың кім? -Досыңа әрқашан көмектесесің бе? <b>Бірге жаттаймыз.</b> <b>Мен ғарышкер боламын.</b> Аспан, аспан арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын, Мен ғарышкер боламын! <b>Қорытынды:</b> -Айға ұшу сендерге ұнай ма? -Айға ұшу үшін қандай болу керек? Балаларды мадақтау. Бағалау.</p> <p><b>4.Мүсіндеу.</b> <b>Тақырыбы:</b> Зымырандар аспанға қарай самғайды. <b>Мақсаты:</b> Бұйымды тұғырға орнату техникасын пайдалану, бір тұғырға бірнеше бұйымды орналастыру. <b>Жұмбақ жасыру.</b> Аспанда жүзеді, Қанатын қақпайды. (зымыран). Ұшады қанатсыз, Зырлайды аяқсыз. (зымыран). -Зымыран қайда ұшады? -Зымыранмен ұшатын адамды кім дейміз? -Ғарышқа ұшатын ғарышкер қандай болу керек? <b>Бірге жаттаймыз.</b> <b>Мен ғарышкер боламын.</b> Аспан, аспан, арайлым, Саған жиі қараймын. Сені көзбен шоламын,</p>	<p>Біз тынығып алайық. 5 дегенде асықпай, Орнымызды табайық. <b>Қорытынды.</b> Таразымен нені өлшейміз? Балаларды мадақтау. Бағалау.</p>	<p><b>Түлкі-түлкі</b> қутындайсың, Айналаңнан тың тыңдайсың. Қанша қулығыңды асырсаңда, Қасқырдан сен құтылмайсың.</p> <p>-Түлкі қандай аң? -Түсі ұндай? -Оның құйрығы қандай болады? -Түлкі қандай жерде мекендейді?</p> <p><b>Қасқыр</b> орманды жортады, Аяздан ол қорқады. Аспанға қарап ұлиды, Ауылдың малын ториды. <b>Ақ қоян-ау, ақ қоян,</b> Ұзын құлақ сақ қоян. Қаша берсең орманға, «Қорқағым» деп ат қоям. Мен мықты <b>арыстан,</b> Аңдардың патшасы. Жауымның алысқан, Күл болған қаңқасы. Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. <b>Қорытынды.</b> -Жабайы аңдар балаларын қалай күтеді? -Аңдардың балалары қалай аталады? Балаларды мадақтау.</p>
--	---	---	--	--	--

		<p>Как мы проводим выходной день?</p> <p><b>1.</b>Рассмотри картинки. Где семья проводит выходной день? В парке. В цирке. В кино. В театре.</p> <p><b>Словарник.</b> <b>Выходной день</b>-демалыс күні. <b>Суббота</b>-сенбі. <b>Воскресенье</b>-жексенбі. <b>Парк</b>-саябақ. <b>Цирк</b>-цирк. <b>Кино</b>-кино. <b>Театр</b>-театр.</p> <p><b>2.</b>Послушай стихотворение. Как проходит выходит день в семье? <b>Воскресенье.</b> Воскресенье-вот везенье! Воскресенья так нужны! Потому что в воскресенье Мама делает блины. Папа к чаю чашки моет. Вытираем их вдвоём, А патом мы всей семьёю Чай с блинами долго пьём. О.Бундук.</p> <p><b>3.</b>Расскажи, как твоя семья проводит выходной день. -Привет, Берик! -Привет, Серик! -Какой завтра день? -Завтра суббота-выходной день. -Как вы его проведёте? -Мы с семьёй пойдём в парк.</p> <p><b>Қорытынды:</b> -Демалыста ата анаңмен қайда барғанды ұнатасыңдар? Балаларды мадақтау. Бағалау.</p>	<p>Мен ғарышкер боламын! -Ғарышкер болған ұнай ма?</p> <p><b>Тында.</b> <b>Байқоңыр</b>-ғарыш алаңы. Қызылорда облысы Қармақшы ауданының аумағында орналасқан. Байқоңырдан 1961 жылы 12 сәуірде адамзат тарихында тұңғыш рет Ю.А.Гагарин «Восток» ғарыш кемесімен ғарышқа аттанды. Айды, Марсты және Шолпанды зерттеуге арналған ғарыш аппараттары бар зымырандар да Байқоңырдан аттандырылады. 1991 жылы 2 қазанда тұңғыш қазақ ғарышкері Т.Әубәкіров ғарыш кемесімен Байқоңырдан ғарышқа көтерілді. Біздің тағы бір қазақ ғарышкер ағамыз Т.А.Мұсабаев ғарышта 2 рет 1994, 1998 ж.ж. болып зерттеу жұмыстарын жүргіді.</p> <p><b>Балалардың жұмыс.</b> <b>«Зымыран»</b> (балалар ермексаздан зымыанды мүсіндейді). <b>Сергіту сәті.</b> Орнымыздан тұрайық, Құстай қанат қағайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз тынығып алайық.</p> <p><b>Қорытынды:</b> -Қазақ ғарышкерлерін атаңдар. -Ғарышкер болған ұнай ма? -Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?</p>		
--	--	---	--	--	--

			Балаларды мадақтау.		
--	--	--	---------------------	--	--